

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ҚАЗАҚ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ӘДІСІ

М.Ж.Тәңірбергенов, П.А.Абашева
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндеті ғылым мен тәжірибе жетістіктерімен қатар ұлттық рух пен жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастырып дамытуға жағдай жасау қажеттігі айтылған.

Қазақстанның өркениет әлемінен орын алып, дамыған елдер қатарына қосылуға ықпал ететін, бірден бір шарт – білімді ұрпақ өсіру болмақ. Сондықтан, қазіргі еліміздің алдында біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру міндетімен қатар, жеткіншектер санасында туған халқының мәдениетіне деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, тарихы мен өнерін қастерлеуге тәрбиелеу қажеттігі көрінуде.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы №1277 жарлығымен бекітілген, 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасында «әлемдік ғылыми ой сананың, мәдениет пен әдебиеттің тандаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды» қорын құру керектігі көрсетілген. Сонымен қатар, мәдени инфроқұрылым кеңейтіліп, тарихи құндылықтарды насихаттау мен оларды жас ұрпаққа таныстыру, бағдарламаның жұмыс нәтижесі ретінде айқындалған.

Еліміздің қазіргі даму барысындағы осындай өмір талаптары оқушыларды халқымыздың сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру үшін болашақ мұғалімдерді арнайы дайындауды қажет ететіндігін көрсетуде. Халқымыздың сәндік-қолданбалы өнерімен оқушыларды таныстыру олардың өнертанымын арттырып, көркемдік тәрбие беретін ерекше мүмкүндік. Бірақ, бұл мәселе педагогикалық тұрғыда шешімін күткен бірнеше қарама қайшылығы бар проблемаларды құрайды. Атап айтқанда, олар болашақ мұғалімдердің өнертанымдық дайындығының құрылымын анықтаудың қажеттігі мен оның практикада шешімін табу, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын оқушыларға таныстырудың қажеттігі мен оның оқу әдістемелік талдауларының жоқтығы арасындағы қарама қайшылықтармен ерекшеленеді.

Болашақ мұғалімдердің өнертану дайындығын қалыптастырудың теориялық мәселелері оның практикалық тұрғыдан іс шаралар ұйымдастыру қажеттігін көрсетті. Ол үшін болашақ мұғалімдерді көркемдік тәрбиеліктерімен таныстырып, өнер арқылы оқушыларға көркемдік тәрбие беру мазмұнын, формалары мен әдіс тәсілдерін үйрететін педагогикалық қызмет түрі қажет екендігі көрінді. Сәндік-қолданбалы өнер арқылы болашақ мұғалімдердің өнертану дайындығын қалыптастыру бірізділікпен, жоспарлы түрде, белгілі бір бағдарламамен жүйелі түрде жүргізгенде ғана оң нәтижеге жетуге болады. Сәндік-қолданбалы өнердің білім негіздерін меңгерген, сәндік-қолданбалы өнердің мүмкүндіктері арқылы отбасында оқушыларға көркемдік тәрбие беру туралы педагогикалық білімдер жүйесімен қаруланған, сәндік-қолданбалы өнер мүмкүндіктері арқылы оқушыларға отбасында көркемдік тәрбие беру жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастырудың іскерліктері мен дағдыларын меңгерген жағдайда ғана болашақ мұғалімнің өнертану дайындығының қалыптасқандығына көз жеткізуге болады. Сондықтан, мектеп оқушыларына сәндік-қолданбалы өнер арқылы, отбасында көркемдік тәрбие беру жұмысының оң нәтиже беруі, болашақ мұғалімнің өнертанымдық білімі мен өнертанымдық-педагогикалық іс әрекетіне негізделген дайындығының деңгейіне тікелей байланысты.

Егеменді еліміздің даму болашағы, халқымыздың ұлт ретіндегі тәуелсіздігі тікелей отбасына және отбасы тәрбиесіне байланысты. Отбасы шағын мемлекет. Отбасы ұрпақ ғұмыр

жалғасы, тіршілік көзі. Отбасы тәрбиесі тәрбиемен айналысатын адамдардың өзіндік ерекше іс-әрекеті.

Қазіргі тәрбие жұмысына үлкен мән беріліп жатқан кезеңде отбасы тәрбиесі болашақ ұрпақ тәрбиесінде маңызды орын алады. Мектептегі тәрбиенің нәтижелі болуы, отбасында жүргізіліп жатқан тәрбиемен, ата-ананың тәрбиелік іс-әрекетімен болашақ ұстаздарды отбасы тәрбиесіне дайындау мәселелерімен тығыз байланысты.

Отбасы тәрбие көзі екендігін ғылыми педагогикалық еңбектерде дәлелдеген. Бірақ қоғам дамуының қазіргі кезеңі отбасы тәрбиесіне жаңа проблемаларды әкеліп, оның шешуін қажет етіп отыр. Бұл проблемалар: жетім балалар, қиын балалар, нарықтық қатынас туғызған мәселелер, қарттар үйі, жасы үлкенге құрметтің төмендеуі т.б болып жалғаса береді. Сондықтан қазіргі кезде болашақ мұғалімді отбасы тәрбиесіне ата-аналармен тығыз бірлікте жұмыс атқаруға қабілетті, тәрбие ісінің теориясы мен практикасын терең меңгерген, білікті маманның қажеттілігі туындап отыр. Бұны шешу отбасы тәрбиесіне болашақ мұғалімдерді дайындау проблемасымен байланысты қарастырылуы тиіс. Отбасының дамуы, қоғам дамуымен тығыз байланысты, қоғамдағы саяси-әлеуметтік өзгерістер отбасына да өзгерістер әкеліп, отбасы тәрбиесінің мазмұнына жаңа өзгерістер әкелетін өзгерістерге жетелейді. Қазіргі нарықтық заман отбасының қазіргі даму жағдайына жаңа сипат әкеліп, көптеген педагогикалық мәселелерді шешу қажеттігін көрсетуде. Отбасы тәрбиесін ғылыми-педагогикалық тұрғыда дұрыс жолға қою үшін, қазіргі отбасы тәрбиесіндегі маңызды мәселелерді шешудің ұтымды жолы халықтық қолөнерін қолдану болып табылады.

Отбасы тәрбиесінің мазмұнын анықтауда этнопедагогика мәселелерін зерттеумен айналысатын көрнекті ғалымдар Қ. Жарықбаев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, Қ.Ералин, О.Табылдиев, Қ.Бөлеев, М.Балтабаевтардың еңбектеріндегі қағидаларға сүйендік. Сонымен қатар, бірқатар ұстаз-педагогтар О.Төлеубеков, Ә.Оңғарбай, Б.Шалбаев, А.Ақұлықов, У.Қарасайұлы, Ә.Сүлейменовалардың бағалы пікірлері шешім қабылдауға ықпал етті [1-4].

Қазақ халқының өміріндегі қай кезең болмасын негізгі тәрбие көзі – отбасы болған. Бұл туралы педагог ғалым Е.Сағындықұлы отбасы адамның туған ошағы, кімге болса да қымбат ұғым. Отбасы ғасырлар бойы қалыптасқан адам баласының ең жақын бірлесіп өмір сүретін мекені. Онда адам алғашқы тәрбиені қабылдап, алғаш рет өмір туралы, ұжым туралы ұғым қалыптасады, сондықтан отбасы адам үшін ең жақын «әлеуметтік орта» деп көрсеткен.

Отбасы тәрбиесінің этнопедагогикалық мазмұны мен мәнін анықтауда ғалым Қ. Бөлеевтің ұстанымы ерекше маңызды. Отбасы тәрбиесінің негізгі талаптарын Қ.Бөлеевтің еңбектерінде құрсақ тәрбиесі, бесік тәрбиесі, қыз тәрбиесі, ұл тәрбиесі, келін тәрбиесі, ер азамат тәрбиесі, отбасындағы еңбек тәрбиесіне байланысты қарастырылады. Бұл жіктеуден отбасы тәрбиесінің бір бөлігіне осы қарастырылған тәрбие түрлерін қосуға болатындығы көрінді.

«Сәндік өнер» атты Қ.Ералиннің еңбегінде отбасында қыз баланы кілем тоқуға, кесте тігуге, киім тігуге тәрбиелесе, ұл баланы зергерлікке, ағаш өңдеуге, үйге қажетті қарапайым бұйымдарды жасауға баулу дәстүрі арқылы олардың әсемдік талғамдарын тәрбиелегендігі, сонымен қатар еңбекке назар аударады. Бұл еңбекке отбасы тәрбиесіндегі қыз бала тәрбиесі, ұл бала тәрбиесі, отбасындағы әсемдік тәрбиесі, отбасындағы еңбек бағыттарының болу қажеттігін көрсетеді [5].

Ә.Табылдиев өзінің «Халық тағылымы» атты еңбегінде, ата дәстүрі бойынша әрбір ұрпақ, ең азы жетінші ата-бабасына дейін аталарының аты-жөнін, олардың жақсы қасиеттерін, өсиет өнегелерін өзіне үлгі-өнеге тұтуы тиіс екенін айтқан. Сонымен, кейінгі ұрпақтың ата салтын бұзбауын талап еткендігін, әулеттік тағылымдар ата-дәстүріне айналып, санаға сіңіп, салтқа биіктейтіндігін көрсеткен. Сонымен қатар ол «Шөбере», «Атаның өнегесі», «Мейман», «Адам атын ардақта» әңгімелерінде отбасындағы халықтың дәстүр ерекшеліктерін көрсеткен [6].

Отбасылық дәстүрлерді жалғастыру үшін ата-баба баланың әулеттік намысын, өз өнегесін көрсеткен, білген өнерінің құпиясына дейін үйреткен. Сол арқылы отбасы жалпы халыққа үлгі көрсетіп, халықтың тәлім-тәрбие іеңберін кеңейтіп отырған. Халық отбасының үлгілі тағылымдары мен дәстүрлерін жоғары бағалап, оны ұрпақтарына үлгі етіп көрсеткен.

Ата дәстүр бойынша ең әуелі әкені, сонан соң атаны, ата-бабаны құрметтеп, олардың алдында ұрпақтық борыштарды өтеу – кейінгі ұрпақтардың міндеті болған. Отбасы ұрпағының алтын борыштары: ананың ақ сүтін, еңбегін өтеу, ата дәстүрлерін құрметтеу, оны жалғастыру, адамгершілік қағидаларды орындау болып табылған.

Әдебиет

- 1 Ұзақбаева С.А. Балаға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі.- Алматы, 1990.-30б.
- 2 Жарықбаев Қ.Б. Ұстаздық еткен жалықпас.-Алматы, 1998.-145б.
- 3 Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. –Алматы, 1987.-128б
- 4 Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. –Алматы: Білім, 1995.-213б.
- 5 Ералин Е.Қ. Болашақ мұғалімдерді қазақ қолөнері арқылы тәрбиелеу.- Алматы, 1990. -180б.
- 6 Табылдиев Ә. Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие. -Алматы: Рауан, 1990.-175б.

Резюме

В работе подчеркивается важная роль родителей в эстетическом воспитании подрастающего поколения по привитию любви к декоративно-прикладному искусству.

Summary

The important role of parents esthetical brining up children's (teenager's) love to art-painting is underlined in this work